

# Ожсөж №6

- Тақырыбы : « Әл – Фараби»

Орындаған: Андасова А.Т.  
Тексерген: Ашимова Г.М.

# Жоспар:

1. Әл – Фарабидің өмірбаяны
2. Ғалымның еңбектері
3. Әл-Фарабидің философиялық мұрасы
4. Ірі жетістіктері
5. Қорытынды.

# Әбу Насыр - Әл Фараби



referatikz.ru

Әбу Насыр Әл-Фараби Әбу Насыр Мұхаммад ибн Тархан ибн Узлағ әл-Фараби (870 - 950 ж. ш.) - әлемге әйгілі ойшыл, философ, социолог, математик, физик, астроном, бота-ник, лингвист, музыка зерттеушісі

# Туған жері

Туған жері Сырдария бойындағы ерте заманда түркі халықтарының орталығы болған Отырар қаласы. Отырарды арабтар «Фараб» деп атаған. Қай жерден шыққанын білдіру үшін аты жөніне өзінің туған мекенінің атауын тіркейтін сол заманның дәстүрімен ұлы ұстаз Фараби аталған. Махмұд Қашқари «Диуани лұғат ат түрк» атты еңбегінде Фараб қаласының түрікше аты «Қарышоқы» деп көрсетеді.

# Екінші ұстаз..

Әл-Фараби есімі дүние жүзі мәдениеті мен ғылымының тарихынан берік орын алады. Оны шығыстың Аристотелі деп атаған.



# Еңбектері:

Фараби шығармаларының санын неміс ғалымы Ш. Штейцнейдер 117 еңбек десе, түрік ғалымы А. Атеш— 160, ал тәжік ғалымы Б. Ғафуров— 200 трактат деп көрсетеді.

Ұлы Бабамыз Аристотельдің философиясын дамыта отырып, өз тарапынан да **«Ғалымдардың шығуы»**, **«Ғалымдар энциклопедиясы немесе тізбегі»**, **«Кемеңгерлік меруеті»**, **«Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы»**, **«Музыканың үлкен кітабы»**, **«Философияны аңсап үйрену үшін алдан ала не білу қажеттігі жайлы»**, **«Ақылдың мәні туралы»**, **«Әлеуметтік-этникалық трактаттар»**, **«Философиялық трактаттар»**, т. б. көптеген философиялық еңбектер жазған.

# Философиялық мұрасы

Әл-Фарабидің философиясындағы трактатын терең талдай отырып, Фарабидің философиялық мұрасында үш басты жайтты атап көрсетуге болады: **дүниенің мәңгілігін тану, детерминизді зерттеу принципі**, яғни себептілік сыр-сипатын ашу ғылымы – білімнің қайнар көзі, адам жанының өшпейтіндігін теріске шығарған **ақыл туралы ілім**. Бұл үш принцип – Фараби философиясының биік шоқтығы және ерекшеліктері болып саналады.

# Ақыл туралы ілім Фараби философиядағы ірі жетістіктер санатына қосылады.

Мұндағы ақыл ұғымына кең, бүкіл әлемдік мағынада қарастырылып, оның космологиясына тірек болды. Ең жоғарғы сатысы түпкі себепті – Алла иемденеді. Алладан кейінгі екінші сатыны – **аспан денелері**, болмыстың үшінші сатысы **әрекеттегі ақыл** және оған сай төрт элементтен (топырақ, су, ауа, от) тұратын ай асты әлемі. Болмыстың төртінші сатысы – **адамның жаны**. Ең төменгі бесінші сатысын **форма мен материя** алып жатыр. Бұл схемада бір жағынан әлемнің, аспан мен жердің алшақтығы жайлы ресми мұсылман дінінің қағидаларына сәйкес келсе, екінші жағынан дүниеге материалистік, эволюциялық даму тұрғысынан қарауға мүмкіндік береді. Фарабидің философиялық жүйесінде материяға көп көңіл бөлінеді. Ол ай астындағы дүниенің шын мәнінде бар екенін, оның айдан жоғары орналасқан дүниемен, яғни аспан әлемімен бірлікте болатынын мойындайды. Біздің, яғни айдан төмен жер бетінде орналасқан дүниеде материя мен формадан тұратын заттар, нәрселер – ақиқат. Олар негізгі бастапқы материя болып табылатын төрт элементтердің сан алуан әртүрлі қосылыстарынан тұрады.



# Қорытынды..

Әбунасыр Әл-Фараби — түркі ойшылдарының ең атақтысы, ең мәшһүрі, “Әлемнің 2-ұстазы” атанған ғұлама. Оның заманы “Жібек жолы” бойындағы қалалардың, оның ішінде Отырардың экономикасы мен мәдениетінің дамыған кезіне дәл келеді. Әбунасыр Әл-Фараби Орта Азия, Парсы, Ирак, Араб елдері қалаларына жиһанкездік сапарлар жасап, тез есейді. Ол жерлерде көптеген ғұламалармен, ойшыл-ақындармен, қайраткерлермен танысып, сұхбаттасты. Тарихи деректер бойынша 70-ке жуық тіл білген. Өздігінен көп оқып, көп ізденді, 150-ге тарта трактат жазып қалдырды.